

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары

2022 жылғы 25 мамырдағы
№ ДС-182

Құрметті депутаттар!

Мүгедектігі бар адамдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай ұлттық стандартты әзірлеуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Елімізде Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ конвенциясын ратификациялай отырып, мүгедектігі бар адамдарды тыныс-тіршіліктің барлық салаларында кедергісіз орта құру жолымен қоғамға толық әлеуметтендіру және интеграциялау бойынша өзіне міндеттеме алған болатын.

Конвенция нормаларын іске асыру мақсатында 2015 жылғы 3 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданған.

Бұл түзетулер әлеуметтік және көліктік инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз етуге, әлеуметтік қызметтерді (*денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау*) жақсартуға, жұмыспен қамтуға, ақпаратқа қол жеткізуге жағдай жасауға, заңгерлік көмекті жақсартуға және мүгедектердің шығармашылық қабілеттерін қолдауға бағытталған.

Сонымен қатар, 2021 жылғы 12 қазанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, онда барлық нысандарда мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін барынша ескеретін қолжетімділіктің сапасы мен толықтығын қамтамасыз ету үшін мүгедектердің қоғамдық бірлестіктермен келісетіні туралы нормалар енгізілді.

Бүгінгі күні «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» ақпараттық порталында (inva.gov.kz) облыстар бойынша объектілердің қолжетімділігі картасы орналастырылған, жергілікті атқарушы органдар еліміздің объектілері бойынша онлайн режимде әр объектінің ағымдық бейімделу сапасына бейімдеу және бағалау деңгейі бойынша ақпаратты енгізеді (*қолжетімділік картасына әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының 34 951 нысаны енгізілген (мемлекеттік басқару, денсаулық*

сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, білім беру, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, көлік қызметі объектілері)).

Сонымен бірге, «АМАНАТ» партиясының Бірлескен іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруда әкімдіктер өңірлік мониторингтік топтардың жұмысын үйлестіре отырып, 22 мың әлеуметтік маңызы бар нысанға (жыл сайын 4440) мониторинг жүргізіліп отыр.

Анықтама: ағымдағы жылдың I маусымдағы мәліметі бойынша бейімделу сапасына мониторинг 5139 объектіде жүргізілді, оның 3926 нысаны немесе 76%-ды қайта тексерді. Нәтижесінде тірек-қозғалыс аппараты бұзылған адамдар үшін - 752, мүгедектер арбасында қозғалатын адамдар үшін - 1028, есту қабілеті нашар адамдар үшін - 937, көру қабілеті бұзылған адамдар үшін - 1159 объектіде бұзушылықтар анықталды.

Қазіргі уақытта мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді орта құру бойынша мемлекеттік бақылау «Ғимараттар мен имараттарды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктің есебімен жобалау» ҚР ЕЖ 3.06-101-2012* қағидалар жинағы негізінде жүзеге асырылады (*Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әзірлеген*).

Объектілердің меншік иелері мүгедектігі бар адамдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша бұзушылықтарға жол берген жағдайда әкімшілік жауапкершілік көзделген (ӘҚБтК 83-бабы).

Осыған орай, объектілерді жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде мүгедектігі бар адамдарға қолжетімділікті көздейтін бірыңғай құжат дайындау үшін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне және мүдделі мемлекеттік органдарға сарапшыларды, қоғамдық бірлестіктерді тарта отырып, жұмыс тобын құрып, нормативтік құқықтық базаға түгендеу жүргізу бойынша тапсырма берілді.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов